

2012 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 мамырдағы N 5/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 маусымда N 13-8-169 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 02-07-01-20/44 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 12.04.2013 N 02-07-01-20/44 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 7-бабы 3-тармағы 4) тармақшасына, 18-бабына сәйкес, Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Қызылжар ауданының елді мекендеріне 2012 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына, тұрғын үй алу немесе салу үшін, маманның өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде, бір мың бес жүз еселік айлық есеп көрсеткішінен аспайтын бюджеттік несие түрінде ұсынылсын.

2. Қызылжар ауданының селолық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы өтініш беру кезіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы берілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

*А. Рамазанов
КЕЛІСІЛГЕН:*

А. Молдахметова

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

«Қызылжар ауданының
ауыл шаруашылық және
ветеринария бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы **Ө. Омаров**

«Қызылжар аудандық
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы **А. Фролова**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК